

# Сібір жарасы.

Орындаған: Кәрібай Ердаулет  
Вет сан 307

---

## Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

2.1 Қоздырғышы

2.2 Эпизоотологиясы

2.3 Клиникалық көрінісі

2.4 Диагноз

2.5 Емі

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

---



## Кіріспе


Сібір жарасы лат – *Bacillus anthracis* ) бактериалды зоонозды антропургиялық аса қауіпті, қоздырғышы қарым-қатынас (жанасу) механизмі арқылы берілетін, тері қабатының кабункул тәрізді зақымдалуымен, ауқымды ісікпен, ауыр интоксикациямен сепсистің дамуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Қоздырғышы – *Bacillus anthracis* ірі, грамм оң , капсула және спора түзетін, факультативті аэробты таяқша. Табиғатта екі түрде – вегетативті және спора түзген кезде кездеседі. Спора түрінде тек абиотикалық ортада ғана, ал вегетативті түрде тек жануарлар және адам организмінде болады. Спора түріндегі микробтар өте төзімді. Олар суда бірнеше жыл, топырақта бірнеше ондалған жылдар бойыны сақтала алады. Споралар қолайлы қоректік, температуралық ылғалдылық жағдай туғанда көбейіп, қайта споралық күге ауыса алады. Сөйтіп абиотикалық ортада ошақтылықты сақтап тұрады. Споралар 120-140 °С құрғақ ыстықта 1-3 сағатта жойылады, автоклавта 180°С – 24 минутта, 1%формалин ерітіндісінде 2 сағатта жойылады, 4% хлораминнің белсіндірлген ерітіндісі, 6%сутегінің асқан тотығы спорациттік әсер етеді.



## Қоздырғышы:

Қоздырғышы. Сыртқы ортаға төзімді келетін таяқша тәріздес, Грам әдісімен, аналин бояуларының барлық түрімен боялатын, капсула түзетін аэробты микроб. Жер қыртысында өсіпөнеді және спора түзеді. Топалан бацилласы вегетативті түрде сыртқы ортаның әсеріне онша төзімді емес, споралы түрі бұған керісінше өте төзімді ж/е ұзақ жылдар бойына тіршілік қабілетін сақтайды. Сойылмаған бітеу өлікте ауру қоздырғышы жаз кездері 1-3 тәулік ішінде құрып бітеді.

Топалаңнан өлген малды сойған кезде оттегінің әсерінен қоздырғышы спораға айналатындықтан мұндай малды жарып көруге қатаң тиым салынады. Спора әр түрлі химиялық заттар мен физикалық құбылыстарға аса төзімді, тіпті ол тікелей түскен күн сәулесінен 4 күнге дейін өлмей, шыдап басқа, кайнаған суда 45-60 минутқа, 140 градусқа дейін қызған ауада 3 сағатқа, 1 пайыз формалин мен 10 пайыз күйдіргіш натрий ерітіндісінде 2сағатқа төзеді.





## Эпизоотологиясы:

Эпизоотологиясы. Сібір жарасы өте кең тараған ауру. Оған ірі қара, қой, ешкі, жылқы, бұғы, түйе т.б. сондай-ақ жабайы шөп қоректілер шалдығады. Шошқа сирек, ит пен мысық бацилламен өте көп мөлшерде залалданғанда ғана ауырады. Сақа жануарларға карағанда төл індетке біршама жиі шалдығады.

Сібір жарасы - маусымды індет. Ол әсіресе қуаңшылықты жылдары маусым-қыркүйек айларында жиі тарайды. Ауру қоздырғышы - індетке шалдыққан жануарлардың зәрі арқылы тарайды. Бұл індетпен өлген бүкіл органдары ұлпаларында бациллалар өте көп болады. Осы аурудан өлген хайуандарды сойып ішін жаруға болмайды.

Өйткені өлген немесе сойылған малдың терісі, еті, жүні т.б. арқылы індеттің ауру қоздырғышы сыртқы ортаға таралады.

Қоздырғыштың таралуына ет қоректілер мен жыртқыш құстар да себепкер болады.

Сібір жарасы малға оларды ауру қоздырғышымен ластанған жайылымдарға жайып баққанда, шөп, су арқылы тарайды. Індет негізінен жаз айларында өршиді. Малдың ауыз, жұтқыншақ, кілегей қабықшаларындағы жарақаттар немесе ас қорыту жүйесіндегі ақаулар аурудың тарауына негізгі себеп болады.

---



## Клиникалық көрінісі:

Бет-жақ аймағында, әдетте сібір жарасының жергілікті шектелген (терілік) түрі дамиды. Ауру жәй, жалпы көріністері байқалмай дамуы мүмкін, бірақ дене қызуы  $38^{\circ}$ -қа дейін көтеріледі. Ауру басталар алдында бет терісінде қыштын түйіншек пайда болады. Оның ортасында қанды бөрттік, ал айналасында үлкен инфильтрат дамып, жұмсақ тіндері домбығып ісінеді. Бөрттік өздігінен жарылып, инфильтраттың бетінде қатты қара түсті қабыршақ пайда болады. Қабыршақтың айналасынан сарысу шығып тұрады. Инфильтрат айналасы білікті ісініп, түбі қарайған жара пайда болады. Жараның айналасындағы күлдіреген көпіршіктер жарылып 5—6 күннен кейін көршиқан дамиды. Төменгі жақасты, иекасты және мойын лимфа түйіндері үлкейіп, қатаяды. Сібір жарасы немесе көршиқан инфекциясының күшейіп асқынып, аурудың жағдайы нашарлап, дене қызуы  $40^{\circ}$ -қа дейін көтеріліп, организм улануының тағы да басқа көріністерімен си-патталады. Жара ауыз қуысының шырышты қабығына да шығуы мүмкін.





## Диагноз

Диагнозы, ажырату диагнозы. Сібір жарасы диагнозын өзіне тән клиникалық көрінісіне сүйене отырып қояды. Әсіресе олардың ішінде жаралы ошақта іріңнің болмауы, жарылған көпіршіктерден, өлеттенген жерден сібір жаралары қоздырғыштарының табылуы негізге алынады.

Диагнозын анықтау үшін ауру қанын, үлкен дәретін бактериологиялық зерттеуге алады және антроксинмен терісінеаллергиялық сынақ қояды. Науқастың жұмысы ауру жануарлармен байланысты болғанын анықтау диагноз қою үшін өте маңызды. Сібір жарасын шиқан, көршиқан, тілмеден ажырата білген жөн.

---

Сібір жарасынан өлген малдар

---



## Емі

Сібір жарасы, көршиқан бетте, ауыз қуысының шырытшы қабығында орналасса консервативті ем қолданады. Ауруға емдік майлы танбалар қолданып, тыныштық жағдай туғызады. Дезинтоксикациялық, десенсибилизациялық, жалпы денсаулығын нығайту терапиясын жүргізеді, антибиотиктер мен сульфаниламидтер тағайындайды. Сібір жарасының ағымы ауыр, инфекция күшейіп жайылған жағдайда пенициллинді 1,5—2 миллионнан, стрептомицинді тәулігіне 6—8 рет организмге ендіреді. Антибиотиктерді ауыстырғанда тетрациклин, левомицитин, цефалоспорин, макролид т, б. дәрілерді қолданған жөн.

---



## Болжамы:

Сібір жарасының терілік түрі организмге қауіпсіз, ал инфекция күшейіп жайылған жағдайда, әлсіз аурулар өміріне қауіпті болуы мүмкін. Бетке, ауыз қуысына сібір жарасын жұқтырмас үшін, ауру жануарлармен араласқанда, олардың еті, терісі және жүнімен жұмыс істегенде санитарлық, жалпы гигиеналық ережелерді сақтап, ауыз қуысының, дене терісінің гигиенасын қадағалау керек. Сібір жарасының алдын алу үшін СТИ вакцинасын қатаң түрде эпидемиологиялық жағдайдың көрсеткіштеріне байланысты қолданады. Сібір жарасымен ауырған жануарлар немесе жұқпалы заттармен жұмыс істеген адамдар, зерттеліп арнайы бақылауда болуы керек, қажет болса емделуі керек

---



## Қорытынды

Сібір жарасы лат - anthrax pustula maligna) бактериялы зоонозды антропоуриялық аса қауіпті, қоздырғышы қарым-қатынас (жанасу) механизмі арқылы берілетін, тері қабатының карбункул тәрізді зақымдалуымен, ауқымды ісікпен, ауыр интоксикациямен сепсисің дамуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Қоздырғышы – *Bacillus anthracis* ірі, грамм оң , капсула және спора түзетін, факультативті аэробты таяқша.

---



Пайдаланылған  
әдебиеттер:

- 1 Қазақ энциклопедиясы
  - 2.Жұқпалы аурулар. А.Қ.Дүйсенова. Алматы -2009 жылы.
  - 3.Жалпы микробиология. Микробиология кафедрасының профессорлары Б.А. Рамазанова, А.Л.Котова, Қ.Қ.Құдайбергелұлы. Алматы 2006 жылы
-